

QarMTU | KarGTU



1953

Тақырып: Білім және әлеуметтік теңсіздік.

Денсаулық және медицина

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Дәріскер: аға оқытушы Сарсенбеков Н.Ж.

Қарағанды 2022



Дәріс жоспары

1

Білім беру әлеуметтануы: негізгі мәселелері.

2

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің қайта қалыптасуы.

3

Әлеуметтік теңсіздік

4

Денсаулық және медицина әлеуметтануы

Білім беру әлеуметтануы: негізгі мәселелері

Білім беру үдірісінің сан қырлылығы оны әртүрлі ғылымдармен оқып үйренуді жүктейді. Әлеуметтік философия, негізінен білім беруді ерекше қоғамдық құбылыс ретінде, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың өзара байланысындағы пайда болуы мен дамуын зерттейді. **Педагогика** білім беруді ерекше білім беретін және тәрбие беретін сапалы үдірісте қарастырып, қоғам өмірінің ауыспалы шақтарымен байланыстыра отырып, оқып үйренудің әдістемелік және дидактикалық негізгі әдістерін ашуға тырысады. Олардан ерекше, сонымен қатар экономикалық, психологиялық білім беруден, әлеуметтану білім беруді ерекше әлеуметтік институт ретінде ондағы қоғамның негізгі жүйелерімен өзара байланысын – экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани тұрғысынан зерттеп, - және тұлғаның әлеуметтенуіндегі, оның тәрбиеленуіндегі орнын анықтайды. **Білім беру әлеуметтануы** қоғамдық ұдайы өндірістер жүйесінде білім берудің ролі мен орның түсіндіріп, экономикамен, руханилықпен, демографиямен және басқада қоғамдық үдірістермен оның өзара байланысын, қоғамның әлеуметтік құрылымы және оның мәдениетінің қозғалысымен, өсіп келе жатырған ұрпақты тәрбиелеу мен оқып үйретуде мұғалімнің қоғамдық ролі мен әлеуметтік орнын анықтайды.

Әлеуметтік білім берудің өз алдына пән ретінде қалыптасуы Э.Дюркгеймнен бастау алады, яғни атап көрсеткендей білім берудің **негізгі функциясы** - ұрпақтармен өсіп келе жатырған оқытушы иелік етіп отырған мәдениеттің құндылығы. Білім беру әлеуметтануының қалыптасуына айтарлықтай үлесін қосқан К.Маркс, Дж.Дьюн, Т.Парсонс, Р.Коллинз, П.Бурдьё, А.Турэн және басқада ХІХ-ХХғ. атақты әлеуметтанушылары.

Білім беру социологиясы - білім жүйесін әлеуметтік институт ретінде және оның қоғаммен өзара әрекеттестігін зерттейтін ғылыми пән. Социологияның мұндай ерекше саласының бөлініп шығуы білімнің тарихи ауыспалы жүйесіне және шартты дербестігіне, оларды тудырушы қоғамдық қатынастар шеңберінде қоғамның дамуы мен қызмет етуіне белсенді әсер ете алу қабілеттілігіне негізделген.

Білім беру социологиясының пәні әлеуметтік институт ретінде білім (оның қоғамдағы қызметі мен басқа институттармен өзара байланысы), әлеуметтік ұйым ретіндегі оның мекемелері (мектеп, ЖОО, т.б.), сонымен бірге білім саласындағы әлеуметтік саясат болып табылады. *Білім беру социологиясы*, сондай-ақ білім жүйесінің әлеуметтік институт ретінде қоғаммен және оның негізгі элементтерімен өзара әрекеттесулері: қоғамдық өндіріс элементтері, экономикалық қатынастар элементтері, саяси жүйе элементтері, рухани өмір элементтері мәселесін зерттейді. Білім жүйесі мен оның жеке кіші жүйелер ішінде пайда болатын әлеуметтік мәселелерге (мектеп, кәсіби оқу орны), оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қатынас, ұжым мен топ арасындағы қатынас, мектеп сыныптары ішіндегі қатынас саласындағы мәселелерге келетін болсақ, мұндай мәселелер білім беру социологиясының саласы ретінде *педагогика социологиясын* қалыптастырады Білім беру социологиясының өзіндік ерекше міндеттері:

білім алудағы қажеттілікті зерттеу, қоғам өмірі мен жеке өмірдегі оның рөлін, түсініп, бағалау;

олардың әлеуметтік маңыздылық контекстіндегі білім сапасын және деңгейін бағалау;

қоғам мен білім алушылардың білімге қатынасы, оның әлеуметтік құндылықтарын зерттеу;

әлеуметтік мәртебенің факторы ретінде білімнің рөлін көрсету;

рухани қажеттіліктер мен мүдделер динамикасына оның әсер ету деңгейін анықтау.

Білім беру жүйесі - әлеуметтік институттың ең маңыздыларының бірі. Функционалды көзқарас бойынша білім жүйесі индивидтердің әлеуметтенуін қамтамасыз ететін институционалды құрылымдар қатарында.

Индивидтің әлеуметтенуі - индивидумдар өздері өмір сүретін қоғамда тиімді жұмыс істеу үшін өмір сүру арқылы сапасын дамыту процесі. Әлеуметтендіру мәдениеттің сабақтастығын, оның ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Алғашқы әлеуметтендіруді (баланың әлеуметтендіруі) алып жүруші агенттер болып отбасы табылады, әлеуметтендіру көбінесе стихиялы сипатта болады. Осылармен қатар өмір бойы әрекет етіп индивидтер әлеуметтендіруші агенттіктер, қоғамның құрылымдары болып табылады (саяси, заңдық, діни, БАҚ, т.б.). Бұл жерде әлеуметтендіру басымдылығы бойынша мақсатты бағытталған сипатта болады. *Қазіргі қоғамда саналы әлеуметтенудің шешуші құралы білім жүйесі болып табылады.* Олардың әрекет ету процесінде сонымен қатар әлеуметтену процесінің екі жақты қызметі туындайды - **мәдениетті жеткізу және тұлғаның дамуы.**

Мақсатты бағытталған әлеуметтендірудің тарихи, институционалды құрылымы осы кезге дейін қоғамның аз ғана бөлігін қамтыды және біртұтас саяси, діни, әскери және экономикалық элитаны қалыптастыру мақсатын көздеді. Қазіргі кезде білім беру жүйесі өзінің маңыздылығы, мазмұны, көлемі жағынан қоғам өмірінде шешуші рөл атқарады. Егер өткен ғасырларда білім жетістігі тарихи, экономикалық табыссыз, бірақ элита тобының пұрсатты тар өкілдерінің мәртебелі құрамында болса, қазіргі кезде қоғамның өндіріс әлеуеті маманданған білімнің кең таралғанымен анықталады. Қазіргі демократиялық саяси жүйенің басты талабына бұқаралық білімнің таралуы жатады.

Білім тұлғаның дамуына, өзін-өзі көрсетуіне көмектеседі. Сонымен бірге білім тәжірибелік және символдық сипаттағы маңызды міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етіп, қоғам үшін шешуші маңызды орын алады. Мәдениетті жеткізу қызметі дәстүрлі құндылықтарды арнайы емес тиісті білім беру жүйесінде сақтау және оларды жоғалтып алуын толғандыратын тарихи бағыт алған сана-сезім ашық көрінетін қоғамдарда көрініс береді. Білімнің бұл қызметінің жүзеге асуы гуманитарлық жиынтық пәндерінің қолдауынан көрінеді - қоғам тарихы, тіл, әдебиет, география, дін және философия.


Мәдениетті жеткізу қызметінің іске асуымен байланысты туындайтын мәселелер қатарына мәдени мұраның кертартпалы қорғаушы элементтерін оның серпінділігін сақтауға мүмкіндік беретін, дәстүрге сыни баға бере отырып, құрметтейтін мәдениет элементтері мен үйлестіру мәселесі жатады (олардан тыс, мәдени құндылықтарды жеткізу мүмкін емес).

Білім беру жүйесі қоғамның бірігуіне маңызды үлес қосады. Қазіргі көптеген елдер әр түрлі этникалық, діни, нәсілдік топтармен сипатталады. Білім тарихи тағдырдың қауымдастық сезімін, осы біртұтас қоғам қатарына жататынын қалыптастыруға өзінің үлесін қосады және осындай топтардың ұлттық мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, мәдени интеграция шеңберіндегі ортақ құндылықтарды, қалауларды, мұраттарды және ұмтылыстарды жасап шығаруға көмектеседі.

Білім жүйесі рухани өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол жастардың алған білімі негізінде өмірге дайындығын іске асырып, қалыптасқан қоғамдық институттардың іс-әрекетін қамтиды.

Білім беру өзінің құрылымы бар шағын жүйені көрсетеді. *Негізгі элементтер ретінде* әлеуметтік қауымдастық, әлеуметтік ұйым ретіндегі оқу-тәрбиелеу мекемесін (оқытушылар мен оқушылар) және социомәдени іс-әрекетінің түрі ретінде оқу процесін көрсетуге болады. Білім жүйесі мына принциптер бойынша құрылады әрі бірнеше буындардан тұрады: мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесі, жалпы білім беру мектебі, кәсіби-техникалық білім, жоғары оқу орыннан кейінгі кадрларды қайта даярлау мен біліктілікті жоғарлату жүйесі, т.б. Білім беру социологиясы білім жүйесінің көрсетілген әр деңгейінің әлеуметтік мәселелерін зерттейді.

Әлеуметтану өзінің қазіргі дамуы деңгейінде білім беруді төрт негізгі және өзара байланысқан формада қызмет ететін көп қырлы сапа жүйесінде зерттейді:



Қазіргі қоғамымызда өркениеттің индустриалдық типінен постиндустриалдыққа, ақпараттыққа өтудің жүзеге асырылуында білім берудің әлеуметтік ролі мен мәні тез артып, оның **функциялар жиынтығы** айтарлықтай ұлғайуда. Білім беру білімді игерудің жемісі мен үдірісі, оқу 26 орындарындағы дағдылары мен игеруі немесе өзін өзі біліммен қаруландыруы ғана емес, қоршаған ортадағы орнының ұғынып, адам дамуындағы жан жақты үдірісі. Немістің белгілі философ-экзистенциалисі **М. Хайдеггердің** пікірінше, нағыз білім беру адамдардың рухани дүниесін тұтастықта қамтуға, рухани құндылықтар мен мәдениет тарихының барлық байлықтарын қайта жаңғыртып және ұстап тұруға, ақиқат пен болмыстың құпиясын сақтауға, оның мәнін ашуға арналған. Білім беру қызметтерін әлеуметтік тұрғыдан зерттеу үшін білім беру жүйесінің негізгі құрылымдық компоненттерін бөліп алған айтарлықтай маңызды. Әдетте білім берудегі игеру мен білімді беру, дағдылары мен шеберлігі тәрізді үдірістер өзара байланысқан **екі құрылымдық компоненттерді** бөліп көрсетеді. Олардың **біріншісі**, күтілетін нәтижені, базисті, оқып үйрену үдірісін қалыптастырса, нәтижесінде білім алушылар тек білім ғана емес, мәдениеттің де элементтерін игере алады.

Білім беру жүйесінің **екінші маңызды компоненті** тәрбиелеу үдірісі. Тәрбие өз кезегінде, мақсатты бағытталған әрекеттер үдірісінде мәдениет пен білім құндылықтарын игеру арқылы тұлғаны дамытуға, әлеуметтік әдістер, мінез құлықтың стандарттарын бойына сіңдірте отырып жеке адамды қоғамдық және мәдени қызметтерге, белсенді еңбек етуге дайындау үшін қажет.

Білім берудің құрылымын әдетте жалпы, кәсіптік, жоғарғы білім беру, техникалық және гуманитарлық білім беру, өз бетімен білім алуы тәрізді болып бөлінеді. Жалпы білім беру оқып үйретудің көлемі мен ұзақтығына байланысты **үш деңгейден** тұрады – бастауыш, негізгі және орташа; кәсіптік білім беру – кәсіпке дейінгі (кәсіптік бағыт алу, іріктеу) және орташа кәсіптік дайындық (кәсіптік техучилищелер); жоғарғы білім беру – жоғары квалификациялы мамандарды дайындау әртүрлі ғылым, техника, мәдениет, денсаулық сақтаудың және т.б салалары үшін; ересектерге білім беру - өз бетімен білім алу.

Білім беру оқып үйрету формасына байланысты **күндізгі (стационарлық), кешкі және сырттай** бөлінеді. Діни білім алуларына байланысты **дүнияуи** (дін орындарының ықпалдарына байланысты) немесе **конфессионалды** (дін орындарының бақылауында).

XX ғасырдың 50-жылдарының ортасында орын алған ғылыми-техникалық революция білім берудің үздіксіз жүйесін қалыптастырды. Оның қалыптасуындағы негізгі шарттар; мәдени және техникалық білімдердің кең таралуы, әлеуметтік экономиканың және әлеуметтік мәдениеттің құбылмалы даму шарттары тек жастарды ғана емес ересек буындағыларды да дайындауды қажет етуі; азаматтар контингентің арттыру үшін қосымша жалпы білімді алу тілегі; білім беру жүйесінің барлық сатыларындағы жоғары квалификациялық кадырларды көтеру мен кәсіпқойларды дайындау қажеттілігі. Үздіксіз білім беру жүйесі индивидтің өмір бойғы кәсіптілігін арттыру үдірісі ғана қамтып қоймайды. Осы ретте білім берудің негізгі дайындығы квалификацияны арттыру және қайта дайындаумен толықтырылып белгілі бір өндірістің негізінде кәсіптік оқып үйренуді игеру.

Кәсіптік білім беру жүйесі

бастауыш

- Кәсіптік мектепте оқу мерзімі - 2-3 жыл, кәсіптік лицейде -3 жыл, ерекше күрделі кәсіптер бойынша, сондай-ақ бірегей жабдықтарға қызмет көрсетуге байланысты жұмыстар үшін - 4 жылға дейін болады.

- Кәсіптік бастауыш білім, кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлерде негізгі жалпы білім беру базасында алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін (жұмысшы, қызметкерлерді) даярлауға бағытталған.

орта

- Кәсіптік орта білім колледждерде, училищелерде негізгі, жалпы білім беру базасында конкурстық негізде алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған. Колледжде, училищеде оқу мерзімі - 3-4 жыл. Ұқсас мамандықтар бойынша жалпы орта және кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтардың қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша кәсіптік орта білім алуына болады.

- Кәсіптік орта білім колледждерде, негізгі жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған.

жоғары

- Жалпы және кәсіби орта мектептерді бітірген жастар университеттерде, институттарда, академияларда және соларға теңестірілген оқу орындарында білім алады.

жоғары оқу орнынан кейінгі

- Республика азаматтарға аспирантураларда, докторантураларда оқып, ғылым кандидаттары мен докторлары дәрежелерін, доцент пен профессор атақтарын алуға мүмкіндік береді, ғылыми кадрларға деген қажеттігін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

- Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау қосымша білім беру

- Жұмысшылар мен мамандардық басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау арнаулы білім асыру мекемелерінде, кәсіпорындарында, ғылым мен оқу орталықтарында ұйымдастырылады.

- Қосымша білім беру үшін денешынықтыру - сауықтыру, техникалық, мәдениеттану, тіл және басқа бағыттағы мекемелер жүйесі құрылады. Оларды Білім министрлігі және жергілікті өкімет басқару органдары бекітеді.

Білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын оқый отырып, әлеуметтану білім беру қызметінің негізгі әлеуметтік функцияларына, яғни олардың мазмұның, ерекшелігін және пайда болу формаларын түсіндіре отырып бірінші дәрежедегі мағынаны береді.

Білім беру жүйесінің ең басты әлеуметтік **функцияларының бірі** өсіп келе жатырған ұрпақтарға жинақталған білімді беру.

Екінші білім беру жүйесінің маңызды функцияларының бірі, әлеуметтік әдістін сабақтастылығымен қамтамасыз ету.

Үшінші білім беру жүйесінің маңызды функцияларының бірі иелік етіп отырған мәдениеттің құндылықтарын игеру.

Төртінші білім беру жүйесінің маңызды функцияларының бірі тұлғаның қабілетін ашу және ары қарай дамыту.

Бесінші білім беру жүйесінің маңызды функцияларының бірі тұлғаның әлеуметтену үдірісінде орын алады, яғни оның рухани, интеллектуалдық және әлеуметтік потенциалының дамуында және жинақталуында.

Алтыншы білім беру жүйесінің маңызды функцияларының бірі қоғамдағы әлеуметтік мобилділікке айтарлықтай ықпалын тигізу мен біршама жоғары әлеуметтік статусқа ие болуда индивидтің қозғалысына жәрдемдесу.

2. Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің қайта қалыптасуы.

Қоғамдағы білім беру жүйесінің реформаланған күрделі үдірісі терең әлеуметтік-экономикалық және саяси трансформацияны басынан кешіп отыр, солардың бірі Қазақстан. Бұл үдірістерде екі маңызды фактор шешуші әрекет етеді. Олардың **біріншісі** – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуында, арнайы ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру қажеттілігі, яғни қоғамдағы әлеуметтін, экономиканың және мәдениеттің өрлеуі негізінде қазақстан халқының интеллектуалдық-рухани саласындағы потенциалын қалыптастыру.

Екінші фактор білім берудегі түбегейлі өзгерістер – нарықтық қатынастын дамуы, жастарды тәрбиелеу мен оқып үйретуге сапалы жаңа талаптарды ұсына отырып, білім беру жүйесінің әртүрлі салаларында біліктілігі жоғары мамандарды дайындау.

Осы екі фактордың өзара байланысы білім берудің құрылымы мен мазмұнына айтарлықтай өзгеріс әкеледі. Оқып үйренудің мазмұнындағы өзгерістер барлығынан бұрын екі әртүрлі бағыттағы тенденцияларды тудырады.

Олардың бірі әлеуметтану жүйесінің әртүрлі салалары мен деңгейлеріне компьютерлизациялау мен математизациялауды қосады: мектеп оқушылары мен студенттерді көп жылдық әдіспен сыналған дәстүрлі құралдармен оқып үйретудегі – оқытушы мен профессордың ауызша және баспа сөздеріне – компьютерлік класстар, теледидарлық лабораториялар, лингафон кабинеттері және басқада жаңа оқу құралдарымен біршама кең көлемде толықтырылуда. Осымен қатар, бір уақытта білім беру жүйесінің деңгейі мен барлық салаларын гуманитаризациялайтын тенденциялардың көлемі ұлғайуда. Оның жүзеге асуы тек мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында гуманитарлықәлеуметтік кезеңдермен оқытумен ғана шектелмей, оқу орындарында гуманистік бағыттағы ортаны орнату, яғни көп ұлттар мен әлемдік мәдениеттің ұйытқысы болатын тұлғаны қалыптастырып, әртүрлі деңгейде білім беру арқылы мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Білім беруді гуманитаризациялау мақсаты жаңа құндылықтарды бойына сіндірте отырып адамдардың әлеуметтік және рухани еркін тұлға екендігін сездірту, яғни идеалдарды тандау құқығына ие болуы, дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуы, саяси ұстанымының болуы. Ғылым, техника және шығармашылық өнер салаларында өз қабілеттерін жүзеге асырып, өмірге деген дұрыс баға беруі.

Беру жүйесінің негізгі міндеттері

Кемінде үш тілді меңгерген көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу стратегиясы әзірлеу

Педагогика кәсіби жұмысының мазмұнын түбегейлі өзгерту: мектепке инновациялық педагогиканың технологиялық қодауға қабілетті және дайын мұғалімдері қажет

Мұғалімнің біліктілігін тестілеуді енгізу: ҚР- ң заңнамаларын, педагогика және психология негіздерін, оқыту әдістемесі мен пән мазмұнын білу

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде пәндерді оқытатын мектептер желісін құру

Қазақстанда білім беру аясы бір ғана және тұтас мемлекет саясаты негізінде жүзеге асады.

1. Жастар үшін білім берудің барлық түрі қол жетімді;

2. Оқыту формасын еркін тандау үшін жағдайлар жасау;

3. Жалпы адамзаттық құндылықтардың басым болуы;

4. Оқыту мен тәрбие беру негізінде ұлттық-мәдениеттің орын алуы.

5. Ғылым, мәдениет және білім берудің даму деңгейінің әлемдік бағытпен сәйкес келуі.

6. Дамушы елдердің әдістерін пайдалану мен үйрену, олардың жетістіктері мен стандарттарын шығармашылыққа қабылдау.

7. Гуманизм, тұлғаның қызығушылықтарын арттыру, оның қабілетін дамытып, еркін өзін өзі жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсыну.

8. Қоғамдық тәжірибемен байланыста болып, білім берудің өнеркәсіп орындары, ғылым, техника және мәдениетпен өзара байланысына кепілдік ету, нарықтық эконмикаға сай тұлғаны өмір сүрудің кез келген әртүрлі формаларына дағдыланатындай етіп әлеуметтендіру.

9. Сауаттылықтың өрісін кеңейтіп, білім берудің үзіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

3. Әлеуметтік теңсіздік

Әлеуметтік теңсіздік деген не?

Теңсіздік - экономикалық ресурстарға, әлеуметтік құндылықтар мен саяси билікке қол жеткізу үшін әлеуметтік топтардың (страталар, таптар, касталар, топтардың) әртүрлі мүмкіндіктері.

Әлеуметтік теңсіздік-бұл адамдардың өмірлік мүмкіндіктерінің теңсіздігі, яғни олардың әлеуметтік игіліктерге (байлыққа, билікке, білімге, беделге және т. б. шектеулі ресурстарға тең қол жеткізбеуі)

Теңсіздік ғылыми және қоғамдық дискурстың мәні болған кезде ғана түсініледі. Сонда теңсіздік өмір сүре бастарды деп айтуға болады

Әлеуметтік теңсіздік туралы айту мүмкіндігі болу үшін екі танымдық операция жасау керек (К.Эдер, антрополог):

1.Әлеуметтік әлемді тік жіктеу

2.Класстарға бөлінген индивидтерден тұратын, теңдік идеалынан ауытқыған тік жіктелген әлемді жариялау

Әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселесі жаһандық дағдарыспен байланысты. Қазақстан сияқты шикізатты экспорттаушы, дамушы мемлекеттерде нақ осы мәселе белең алуда. Әлеуметтік теңсіздік нарықтық экономика саясатын ұстанып отырған барлық елдерге тән. Әлеуметтік теңсіздік әлеуметтік белсенділіктің қалыптасуына, адам капиталының өсуіне жағдай жасайды. Бірақ, шамадан тыс әлеуметтік теңсіздік социумның (қоғам) тұрақты дамуына қауіп төндіреді.

Қоғамдағы теңсіздіктің тұрақтылығы мен алуан түрлілігі

Әлеуметтік теңсіздік әрдайым болды. Адамдар өзінің физикалық және ақыл-ой қабілеттері, сыртқы түрі, табысы, білімі, жынысы, ужасы, кәсібі, билігі, меншігі және басқа да көптеген белгілері бойынша ерекшеленеді. Бірақ бұл айырмашылықтар әлеуметтік маңызды емес

Әлеуметтік теңсіздік туралы адамдардың параметрлердің қандай да бір айырмашылығы институциональдық бекітілген және адамдардың өздерінің өмірлік мүмкіндіктерімен бөлінетін топтар бойынша бөлінуі үшін негіз болған кезде ғана айтуға болады

Әлеуметтік теңсіздік-бұл тек әлеуметтік ғана емс, сонымен қатар мәдени өнім. Яғни, қоғамдағы теңсіздіктің болуын мойындау адамдардың қандай да бір қарым-қатынаста қандай мағынаға салтындығына байланысты

Білім берудегі теңсіздік.

Зерттеу нәтижелеріне сенсек, 60 мемлекетте ең бай және ең кедей адамдар арасындағы білім алу жасында **үш жыл** айырмашылық бар. Сонымен қатар аз қамтылған отбасыларда шыққан он баланың тек біреуі ғана бай отбасынан шыққан балалардың білім нәтижесіне жетеді екен.

Білім беруді мәртебе - айқындау құралы ретінде қолдану, түрлі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар үшін қолжетімді білім берудегі мүмкіндіктер теңсіздігін күшейтіп отыр. Кедейлер оқитын мектептерде оқушылар тар сынып бөлмелерінде бір мұғалімнің орнына келген басқа мұғаліммен немесе жақында ғана оқуын бітірген, тәжірибесіз оқытушымен бірге стандарт тестілеуге дайындалады. Шығармашылық қабілет-дағдыларын дамыту деген атымен болмайды. Студенттер автомеханик немесе косметолог кәсіптеріне мамандана алады. Бірақ олардың мектептері есептеулерді, шығармашылық жазбаларды немесе AP (біліктілік арттыру) сыныптарын ұсына алмайды. Мектеп қандай бағдарлама ұсынғанымен сынып бөлмелерінде жылыту жүйесі дұрыс болмаса, оқушылар ескі оқулықтарды бөлісуге мәжбүр болса, білім алу қиындай түседі. Керісінше, бақуатты адамдардың балалары заманауи сыныптарда және ғылыми лабораторияларда білім алып, көптеген тілдерді, зерттеу тақырыптарын және AP сыныптарын таңдай алады. Кеңесші қызметшілер оқушылардың талабына сай беделді оқу орнына түсуге көмектеседі. Ең таңдаулы АҚШ колледждеріне бірінші курс студенттерінің 55 пайызы табыстың 25 пайызына иелік ететін отбасылардан келеді. Сол сияқты аралас табысты қоғамда қаржысы жеткілікті оқушылар кедей балаларға қарағанда, әртүрлі бағдарламалары бар, жақсы оқу орнына қол жеткізе алады.

4. Денсаулық және медицина әлеуметтануы

Қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі міндеттерінің біріне халық денсаулығына қоршаған орта (әлеуметтік және табиғи) факторларының кешенді әсерінің сипатын анықтау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып халық денсаулығының қалыптасуы тенденциясы мен заңдылықтарын зерттеу жатады.

Қоғамдық денсаулықтың қалыптасуы факторлардың кешенді әсер етуімен байланысты, оларды төмендегідей **негізгі топтарға** бөлуге болады:


- саяси (мемлекеттік әлеуметтік саясат, денсаулық сақтау саласындағы саясат, денсаулық сақтауды мемлекеттік реттеу, денсаулық сақтау саласындағы құқықтық актілер және т.б.);
- әлеуметтік-экономикалық (бір тұрғынға шаққандағы ІЖӨ, денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландырылуы, еңбек және тұрмыс жағдайы, тамақтану, денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдастырылуы, өмір сүру салты және т.б.);
- табиғи-климаттық, экологиялық (қоршаған орта жағдайы және ластануы);
- биологиялық (жас, жыныс, тұқым қуалаушылық, ұлты, дене бітімі, жүйке жүйесі типі және т.б.б).

Түрлі аурулар кезіндегі әлеуметтік және биологиялық факторлардың ара қатынасы біртекті емес, дегенмен негізгі роль әлеуметтік компонентке: **жағдайлар мен факторларға** беріледі.

Әлеуметтік жағдайлар- бұл өндірістік қатынастардың көріну түрі, әлеуметтік-экономикалық құрылыс және қоғамның саяси құрылымы

Әлеуметтік факторлар - әр адам үшін әлеуметтік жағдайлардың көрінісі: еңбек және демалыс жағдайы, үй тұрмысы, тамақтануы, білімі, тәрбиесі және т.б.

Медициналық әлеуметтану тұрады:



Қоғамдық денсаулық сақтаудың қол жеткізген жетістіктерінің ішінде медициналық-әлеуметтік және эпидемиологиялық зерттеулерді айта кету керек, осы зерттеулер нәтижесінде халық денсаулығына әсер ететін **факторлар (қатер факторлары)** тобы және олардың үлесі анықталды.

- өмір сүру салты және жағдайлары – 49-53%, барлық әсердің орташа 50% (темекі тарту, ішімдікті шамадан тыс қолдану, үйлесімсіз тамақтану, стресстік жағдайлар, зиянды еңбек жағдайлары, гиподинамия, нашар материалдық-тұрмыстық жағдайлар, наркотик қолдану, дәрі-дәрмектерді артық қолдану, семьяның тұрақсыздығы, жалғыздық, мәдени және білім деңгейінің төмендігі, урбанизация және т.б.)

- генетикалық факторлар - 18-22%, орташа 20% (тұқым қуалаушылық ауруларға бейімділік)

- қоршаған орта - 17-20%, орташа 20% (климат, ауа, су, топырақтың зиянды заттармен ластануы, жоғары гелиокосмостық, радиациялық, магниттік және т.б.б сәулеленулер)

- денсаулық сақтау - 8-10%, орташа 10% (профилактикалық шаралардың тиімсіздігі, медициналық көмек сапасының төмендігі, медициналық көмектің дер кезінде көрсетілмеуі).

Барлық БДҰ тарихындағы ең ірі зерттеу проектісінің нәтижесінде (2002 ж) жалпы деңгейде халық аурулығы мен өлім көрсеткішінің деңгейін анықтайтын **10 негізгі қатер факторы** белгіленді: тамақтану жеткіліксіздігі, темекі тарту, артериялық гипертензия, сумен қамтамасыз ету, санитария, сонымен қатар жеке және тұрмыстық гигиенаның қанағаттанарлықсыз жағдайы, гиподинамия, кәсіби зияндылықтар, қауіпті секс, ішімдікті артық қолдану, атмосфералық ауаның ластануы.

Сонымен, қоғамдық денсаулықты қалыптастырудағы әлеуметтік факторлардың негізгі ролі өмір сүру жағдайлары мен салты арқылы жанама түрде әсер етеді.

Қазіргі зерттеушілер денсаулықтың қалыптасуы ғылыми түсінігінде медициналық-әлеуметтік жағдайлармен шектеліп қоймай, өмір салтын философиялық және әлеуметтік түсіндірулерді қолдана отырып кең түрде қоғамдық бағытта қарастыруда.

Өмір салты – тарихи нақты әлеуметтік қатынастарға тән жеке немесе топтық өмір сүру формасы, немесе белгілі бір қоғамдық-экономикалық формациямен анықталатын адамның күнделікті өмір сүруі ерекшелігін сипаттайтын түсінік.

Өмір салты **4 категориядан** тұрады:

- өмір деңгейі – адамдарның материалдық және мәдени қажеттіліктерінің қанағаттандырылу дәрежесін сипаттайтын және сандық бейнеленетін экономикалық категория (жалпы ұлттық өнім мөлшері, халықтың нақты табысы, медициналық көмектің өол жетімділігі және қамтамасыз етілуі, жұмыс күнінің ұзақтығы және т.б.)

- өмір сапасы - адамдарның материалдық және мәдени қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын өмір стандарты немесе деңгейімен салыстыра отырып сапалық сипаттайтын әлеуметтік категория (еңбекпен, тамақтану сапасымен, медициналық көмек деңгейімен қанағаттандырылу және т.б.)

- өмір стилі – жеке тұлғаның немесе адамдар тобының белгілі бір мінез-құлық типін сипаттайтын, ұдайы өндірілетін ерекшелік, манера, дағдылар, ұнатушылық, әуестілікпен бейнеленетін әлеуметтік-психологиялық категория.

- өмір тәртібі – қоғамдық-саяси формацияда өндірістік қатынастардың жүйесін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория.

Өмір салты критерилері мен бағалаудағы ерекшеліктерге қарамастан халық денсаулығын қалыптастыруда әлеуметтік факторлардың ролі барлық халықаралық денсаулық сақтаумен мойындалған.

Өмір салты бойынша әр түрлі ауруларға бейім келетін әлеуметтік топтар ажыратылады, олар **қатер топтары** деп аталады:

- демографиялық: балалар, қарттар, жалғыз бастылар, жесірлер, мигранттар, қашқындар;
- кәсіби қатер: денсаулыққа зиян келтіретін өндірістерде жұмыс жасайтын жұмысшылар (ауыр машина жасау, химиялық, металлургиялық өнеркәсіп, транспорт және т.б.);
- функциональдық, патологиялық жағдайлар: жүкті әйелдер, дене салмағы аз шала туылған балалар, генетикалық қатері бар, туа пайда болған ақаулары бар адамдар, бала жастан мүгедектер
- төмен материалдық, кедейлік, қайыршылық өмір деңгейі: кедейлер, материалдық жағдайы төмендер, жұмыссыздар, жартылай жұмыс күнімен жұмыс істейтіндер, «тұрақты мекен-жайы жоқтар».
- девианттық мінез-құлқы бар, психопаттық, әлеуметтік-психологиялық және т.б. коллизий адамдар: алкоголиктер, нашақорлар, токсикомандар, жезөкшелер, жыныстық ауытқулары бар адамдар, психикалық денсаулығы және тәртібінде ақаулары бар адамдар; психикалық және физикалық ақаулары бар, діни топтарға жататындар, сектанттар және т.б.

Барлық аурулардың ішінде әлеуметтік маңызды аурулардың орны ерекше, олардың тізімін **медициналық-әлеуметтік қолдау** көрсету үшін қосымша немесе жеңілдетілген **шаралар қабылдау** мақсатында үкіметпен белгіленеді: онкологиялық және қатерлі қан аурулары, диабет, ревматизм, жүйелі қызыл жегі, балалар церебральді параличі, психикалық аурулар, миокард инфаркті және т.б.

Денсаулықтың әлеуметтік детерминациялығын мойындау денсаулық мәселесін әлеуметтік тұрғыдан кең түрде қарастыру қажеттігіне негіз болды, сонымен қатар денсаулықты қамтамасыз ету денсаулық сақтау ұйымдары мен органдарының тікелей жауапкершілігі мен міндеті аясынан шығып кетеді.

Медициналық социология мына ғылымдармен байланысты:



Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Білім берудің негізгі функциясы?
2. Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін атаңыз.
3. Әлеуметтік теңсіздік деген не?
4. Білім берудегі қандай теңсіздік кездеседі?
5. Қоғамдық денсаулықтың қалыптасуы факторлардың негізгі топтарын атап шығыңыз.
6. Өмір салтының қандай категориялары бар?
7. Өмір салты бойынша қатар топтарын атаңыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016
2. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
3. Ритцер Д., Степниcki Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
4. Аитов Н.А., Биекенов К.У. Социология. Алматы, 2002.
5. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016..
6. Государственная программа образования и науки РК на 2020-2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 г.
7. Закон РК «Об образовании» от 27.07.2007 г.
8. Волков Ю.Г., Мостовая И.В., Добренъков В.И. Социология: Учебник. М.: Гардарики, 2012.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
